

*«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының  
2021 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен  
(№ 15/21 хаттама) бекітілген*

**«Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу  
үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік  
басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама  
түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі  
ҚАҒИДАЛАР**

**Нұсқа:** 3.0

**Иесі:** Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік департаменті

**Әзірлеуші:** А.Ж. Әбдірахманова

**Нұр-Сұлтан, 2021**

## Мазмұны

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

3

### 2-бөлім. Ұғымдар мен анықтамалар

Error! Bookmark not defined.

### 3-бөлім. Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын таңдау рәсімі

Error! Bookmark not defined.

#### 3.1 Бірыңғай комиссияның өкілеттіктері мен функциялары

Error! Bookmark not defined.

#### 3.2 Бірыңғай комиссияның құрамы

Error! Bookmark not defined.

#### 3.3 Бірыңғай комиссияның құрамын бекіту:

Error! Bookmark not defined.

#### 3.4 Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын таңдау рәсімдері

Error! Bookmark not defined.

### 4-бөлім. Комиссия жүзеге асыратын таңдау рәсімдері

Error! Bookmark not defined.

#### 4.1 Комиссияның өкілеттіктері мен функциялары

Error! Bookmark not defined.

#### 4.2 Комиссия құрамын бекіту

Error! Bookmark not defined.

#### 4.3 Комиссия жүзеге асыратын таңдау рәсімдері

Error! Bookmark not defined.

### 5-бөлім. Аудиторды таңдау үшін ұсынылатын өлшемшарттар

Error! Bookmark not defined.

### 6-бөлім. Қатысушылардың коммерциялық ұсыныстарын қарау және Аудиторды таңдау рәсімінің қорытындыларын шығару

Er

Error! Bookmark not defined.

### 7-бөлім. Қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт

ror! Bookmark not defined.

Er

### **8-бөлім. Қосымша ережелер**

ror! Bookmark not defined.

Er

### **9-бөлім. Аудиторлық ұйымдарға қойылатын міндетті талаптар**

ror! Bookmark not defined.

Er

#### **Қағидаларға № 1 қосымша**

Error! Bookmark not defined.

#### **Қағидаларға № 2 қосымша**

Error! Bookmark not defined.

#### **Қағидаларға № 3 қосымша**

Error! Bookmark not defined.

#### **Қағидаларға № 4 қосымша**

Error! Bookmark not defined.

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

Осы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Қор**) және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Тапсырыс берушілердің жарғысына сәйкес Тапсырыс берушілер үшін аудиторлық ұйымды айқындауға уәкілеттік берілген Тапсырыс берушілердің тиісті органдарына (бұдан әрі – **Уәкілетті орган**) ұсынымдар әзірлеу мақсатында қаржылық есептіліктің аудиті бойынша қызметтер көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаттарын белгілеп, рәсімдерін сипаттайды.

Қағидалар бәсекелес келіссөздер жүргізу жолымен тендер тәсілімен Тапсырыс берушілердің қаржылық есептілігінің аудиті бойынша қызметтер көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімдерін «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес әзірленген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартының (бұдан әрі – Стандарт) ережелеріне сәйкес жүргізуді көздейді.

Осы Қағидалардың ережелері дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлғаларға қолданылады.

Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Қорды Корпоративтік басқару кодексіне, Тәртіпке, Стандартқа және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

Аудиторды таңдау мына қағидаттарға негізделген:

- қаржылық есептілік аудитінің сапалы қызметтерін және ілеспе қызметтерді сатып алу;
- таңдау процесінің ашықтығы, қабылданатын шешімдер үшін бақылау және жауапкершілік;
- мүдделер қақтығысының болмауы және тәуелсіздікті сақтау;

- аудит қызметтерін сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты тиімді жұмсау;
- барлық Қатысушыларға тең мүмкіндіктер ұсыну;
- Қатысушылар арасында адал бәсекелестік.

## 2-бөлім. Ұғымдар мен анықтамалар

Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**Аудитор** – «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және/немесе Тапсырыс берушілердің жарғыларына сәйкес аудиторлық ұйымның Тапсырыс берушіні айқындау үшін Уәкілетті органға ұсынылған, қызметтерді сатып алу Тәртіп пен осы Қағидаларға сәйкес Уәкілетті органның шешімімен жүзеге асырылатын аудиторлық ұйым;

**аудиторлық ұйым** – аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым (аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметпен айналысу құқығы бар);

**Қор тобы** – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компанияларға тиесілі Қор, компаниялар, олардың Еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компаниялардың аталған Еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар;

**Еншілес ұйым** – 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ҚЕХС-ке сәйкес айқындалатын Қордың немесе Компанияның еншілес ұйымы;

**Қордың бірінші деңгейдегі Еншілес ұйымы (Портфельдік компания)** – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қор тікелей иеленетін ұйым;

**Бірыңғай комиссия** – Қағидалардың 3-бөліміне сәйкес Қор және олардың Еншілес ұйымдарын қоса алғанда, Маңызды компаниялар үшін Таңдау рәсімдерін жүзеге асыратын және Уәкілетті органға ұсынымдар беретін консультативтік-кеңесу органы;

**Тапсырыс беруші** – Таңдау рәсімі жүзеге асырылатын Қор немесе Холдингке кіретін ұйымдар;

**Қатысуға сұрау салу** – Таңдау рәсіміне қатысуға өтінімді дайындау үшін Қатысушыға ұсынылатын, Таңдау рәсімін өткізудің шарттары мен тәртібі туралы барлық қажетті және Бірыңғай комиссия/Комиссия бекіткен талаптарды, өлшемшарттарды, мәліметтерді қамтитын құжат (№ 1 қосымша). Таңдау рәсіміне қатысуға бекітілген Сұрау салу Бірыңғай комиссия/Комиссия тиісті шешім қабылдаған жағдайда, қайта Таңдау рәсімін жүргізу кезінде өзгертілуге жатады;

**Компаниялар** – ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік

немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар;

**Комиссия** – Қағидалардың 4-бөліміне сәйкес Тапсырыс берушілер үшін Таңдау рәсімдерін жүзеге асыратын консультативтік-кеңесу органы және Аудиторды таңдауды Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Тапсырыс берушілерді қоспағанда, Уәкілетті органға ұсынымдар береді;

**жанама иелік ету** – Қордың әрбір кейінгі ұйымының меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында өзге ұйымның акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иеленуі;

**Аудит комитеті** – Қордың немесе Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті;

**есептік күн** – 31 наурыз, 30 маусым, 30 қыркүйек, 31 желтоқсан;

**Тізбе** – Қордың сыртқы порталында «Аудит» бөлімінде орналастырылған Маңызды компаниялар тізбесі;

**Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесі** – Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) туралы жүйелендірілген мәліметтер;

**Таңдау рәсімі** – осы Қағидаларға сәйкес жүргізілетін Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігінің аудиті бойынша қызметтер көрсету үшін Аудиторды таңдауды жүзеге асыру бойынша іс-қимылдар;

**Жұмысшы орган** – Қордың немесе Холдингке кіретін ұйымның функционалдық міндеттеріне сәйкес Таңдау рәсімін ұйымдық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшесі;

**Комиссия хатшысы** – Бірыңғай комиссияның/Комиссияның хатшысы Бірыңғай комиссияның/Комиссияның жұмысын ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асырады, Бірыңғай комиссияның/Комиссияның мүшесі болып табылмайды және Бірыңғай комиссия/Комиссия шешім қабылдаған кезде, дауыс беру құқығы жоқ. Жұмысшы органның мүшелерінің бірі Комиссия хатшысы болып белгіленеді;

**бірлескен кәсіпорын** – Қор немесе Компания екінші тараппен немесе тараптармен бірлесіп бірлескен бақылауды белгілейтін шарттық келісім негізінде қатысушы болып табылатын және бірлескен келісімге осындай қатысушылардың келісімнің таза активтеріне құқықтары бар заңды тұлға. Қордың немесе Компанияның осы Қағидалардың мақсаттары үшін бірлескен кәсіпорынға қатысуы акциялардың (қатысу үлестерінің) елу пайызы мөлшерінде белгіленген;

**Активтердің құны** – Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі активтердің жиынтық құны;

**Маңызды компания** – Тізбеге енгізу үшін Қордың Жұмысшы органының ұсынысы негізінде Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директор айқындайтын Қордың еншілес ұйымы;

**Қатысушы** – қаржылық есептілік аудиті бойынша аудиторлық ұйымның

қызметтерін сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер және Қағидаларға сәйкес Таңдау рәсіміне қатысатын аудиторлық ұйым;

**Холдинг** – Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Осы айқындаманың мақсаттары үшін жанама тиесілілік – өзге заңды тұлғаның меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызының әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілілігі;

**электрондық цифрлық қолтаңба** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

**электрондық құжат** – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

### **3-бөлім. Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімі**

#### **3.1 Бірыңғай комиссияның өкілеттіктері мен функциялары**

1. Бірыңғай комиссия Аудиторды таңдау стратегиясын айқындайды және Қор үшін және Маңызды компаниялардың әрқайсысы үшін Таңдау рәсімін жүзеге асырады.

2. Бірыңғай комиссия қаржылық есептілік аудиті саласындағы халықаралық тәжірибеге қол жеткізу, сондай-ақ капитал нарықтарының (қор биржаларының) талаптарын орындау мақсатында Қатысушылар - ұйымдардың жаһандық желісі бар және/немесе үлестес тұлғалары бар халықаралық аудиторлық ұйымдар арасында Таңдау рәсімін жүзеге асырады. Әлеуетті Қатысушылардың тізімін Қордың Жұмысшы органының және/немесе Маңызды компанияның ұсыныстарын ескере отырып, Бірыңғай комиссия айқындап, бекітеді.

3. Еншілес ұйымдары бар Маңызды компания ұсынылған ұйымдардың бүкіл тізімі үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында өзінің бір немесе бірнеше Еншілес ұйымдары үшін бір мезгілде Таңдау рәсімін бірлесіп жүргізуге негізделген сұраумен Бірыңғай комиссияға өтініш жасауға құқылы.

4. Аудиторды таңдау стратегиясын іске асыру мақсатында Бірыңғай комиссия:

1) олардың Еншілес ұйымдарын қоса алғанда, Қор/Маңызды компания үшін Аудитор таңдалатын мерзімді айқындауға құқылы. Бұл ретте, Аудитор таңдалатын мерзім 3 (үш) жылдан аспауы тиіс;

2) Қор мен Маңызды компанияны, оның Еншілес ұйымдарын қоса

алғанда, олар үшін бірыңғай Таңдау рәсімін жүргізу және бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында біріктіруге құқылы. Егер Маңызды компанияның шоғырландырылған активтерінің үлесі соңғы есепті күнгі Активтер құнының кемінде 40%-ын (қырық пайызын) құраған жағдайда, Қор мен Маңызды компанияны біріктіру жүргізіледі. Бірыңғай Таңдау рәсімін жүргізу кезінде осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен Бірыңғай комиссия құрылады. Қор мен Маңызды компания үшін бірыңғай Таңдау рәсімін біріктіру және жүргізу туралы шешім Қордың Аудит комитетінің отырысында қабылданады;

3) бір топтың құрамына кіретін компаниялар үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында Маңызды компанияны және оның Еншілес ұйымдарын бір немесе бірнеше топқа біріктіруге құқылы. Маңызды компания мен оның Еншілес ұйымдары үшін бірыңғай Таңдау рәсімін біріктіру және жүргізу кезінде осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес Бірыңғай комиссия құрылады. Маңызды компания мен оның Еншілес ұйымдары үшін бірыңғай Таңдау рәсімін біріктіру және жүргізу туралы шешім Маңызды компанияның Аудит комитетінің отырысында қабылданады;

4) әлеуетті Қатысушылардың бекітілген тізіміне сәйкес әлеуетті Қатысушыларға қатысуға Сұрау жолдауға міндетті.

### 3.2 Бірыңғай комиссияның құрамы

5. Қор үшін Аудитор таңдалған жағдайда, Бірыңғай комиссияның құрамы:

**Бірыңғай комиссияның төрағасы:** - Қордың Аудит комитетінің төрағасы

**Бірыңғай комиссия мүшелері:** - Қордың Аудит комитетінің мүшелері мен сарапшылары;

- Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директор \*

*\* (1) Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директор дауыс беру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысады.*

#### Комиссия хатшысы

6. Осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген Қор және Маңызды компания үшін Аудиторды бірыңғай Таңдау рәсімін жүргізген жағдайда, Бірыңғай комиссияның құрамы:

**Бірыңғай комиссияның төрағасы:** - Қордың Аудит комитетінің төрағасы



**Бірыңғай комиссия мүшелері:**

- Қордың Аудит комитетінің мүшелері мен сарапшылары;
- Маңызды компанияның Аудит комитетінің мүшелері;
- Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директор\*
- Қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның бірінші басшысының орынбасары немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның қаржы блогының басшысы\*

**Комиссия хатшысы**

*\* (1) Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директор және (2) қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның бірінші басшысының орынбасары немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның қаржы блогының басшысы дауыс беру құқығынсыз бақылаушылар ретінде қатысады.*

7. Осы Қағидалардың 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Маңызды компания/Маңызды компания және оның Еншілес ұйымдары үшін Аудиторды таңдаған жағдайда, Бірыңғай комиссияның құрамы:

**Бірыңғай комиссияның төрағасы:**

- Маңызды компанияның Аудит комитетінің төрағасы

**Бірыңғай комиссия мүшелері:**

- Маңызды компанияның Аудит комитетінің мүшелері;
- Қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның бірінші басшысының орынбасары немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның қаржы блогының басшысы\*
- Қордың өкілі \*

**Комиссия хатшысы**

*\* (1) Қордың өкілі және (2) қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның бірінші басшысының орынбасары немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Маңызды компанияның қаржы блогының басшысы дауыс беру құқығынсыз бақылаушылар ретінде қатысады.*

**Қордың өкілі.** Маңызды компания міндетті түрде Қорға Аудиторды Таңдау рәсіміне қатысу/қатыспау туралы сұраумен өтініш береді. Қатысуды растаған жағдайда, Қор Бірыңғай комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатураны Маңызды компанияның Жұмысшы органына жібереді.

### **3.3 Бірыңғай комиссияның құрамын бекіту:**

8. Бірыңғай комиссияның дербес құрамы Қағидаларға сәйкес Қордың/Маңызды компанияның Аудит комитетінің шешімімен бекітіледі.

Бірыңғай Аудиторды таңдау мен бірыңғай Таңдау рәсімін жүргізу мақсатында Қорды және Маңызды компанияны/Маңызды компанияны және оның Еншілес ұйымдарын біріктіру туралы шешім қабылданып, Қордың/Маңызды компанияның Аудит комитеті отырысының хаттамасымен ресімделуі тиіс.

Бірыңғай комиссияның өкілеттіктері Бірыңғай комиссияның дербес құрамы бекітілген күннен бастап туындайды және Аудитормен қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасқан күнге дейін қолданылады.

Бірыңғай комиссияның отырысын өткізу үшін кворум Бірыңғай комиссия мүшелері санының кемінде жартысы болуы тиіс. Дауыстар тең болған жағдайда, Бірыңғай комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Егер Бірыңғай комиссияның төрағасы отырысқа қатыса алмаса, Бірыңғай комиссияның басқа мүшесі төраға болып тағайындалады.

### **3.4 Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімдері**

9. Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімі мынадай дәйекті кезеңдерді өткізуді көздейді:

1) Маңызды компанияның Жұмысшы органы аудит жүргізу қажет болатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей Қордың Жұмысшы органына келісу үшін Таңдау рәсімін жүргізуге өтінім жібереді және оған мыналарды қоса береді:

а) Бірыңғай комиссияның құрамын бекіту туралы Маңызды компанияның Аудит комитетінің хаттамасынан үзінді көшірме;

б) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген жағдайлар үшін - Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын бірыңғай Таңдау рәсіміне оларды енгізу негіздемесімен бірге өздерінің Еншілес ұйымдарының тізімі;

в) қазақ немесе орыс тілінде және қажет болған жағдайда ағылшын тілінде қатысуға сұрау салу жобасы (№ 1 қосымша);

2) Қордың Жұмысшы органы бір ай ішінде Маңызды компаниядан алынған ақпаратты талдауды және жинақтауды жүзеге асырады және қатысуға Сұрау салу жобасын келіседі;

3) Қордың/Маңызды компанияның Бірыңғай комиссиясының хатшысы Бірыңғай комиссия мүшелеріне қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Қордың Жұмысшы органымен келісілген қатысуға Сұрау салу жобасын қарауға жібереді;

4) Бірыңғай комиссия Қор/Маңызды компания үшін Таңдау рәсімі бойынша бірінші отырысты өткізеді, онда мынадай негізгі мәселелер қаралады:

1. Аудитор таңдалатын мерзімді анықтау туралы (3 жылдан артық емес);
2. Әлеуетті Қатысушылардың тізімін бекіту туралы;
3. Қатысуға Сұрау салуды бекіту туралы.

Егер Тапсырыс берушіде Таңдау рәсімін жүргізбеу үшін негізделген себептер болса, егер Аудитордың ауысуы Тапсырыс беруші үшін теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін болса, Бірыңғай комиссия бірінші отырыста мына мәселелерді қарауға құқылы:

1. әрекет етуші Аудитор Таңдау рәсіміне қатысуға арналған Сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда Аудиторды ауыстыру қажеттілігінің жоқтығы туралы;
2. әрекет етуші Аудитор таңдалатын мерзімді анықтау туралы (3 жылдан артық емес);
3. әрекет етуші Аудитор үшін қатысуға Сұрау салуды бекіту туралы.

Талқылау қорытындылары бойынша Бірыңғай комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, онда Таңдау рәсімін өткізбеу үшін Тапсырыс берушінің негізделген себептері және «Аудиторды ауыстыру қажеттілігінің жоқтығы туралы» мәселе бойынша Бірыңғай комиссияның қорытындысы қамтылуы тиіс.

Жұмысшы орган осы Қағидалардың 9-тармағының 5) тармақшасына сәйкес қолданыстағы Аудиторға таңдау рәсімін жүргізу туралы ақпарат жібереді.

Бірыңғай комиссияның келесі отырысына (екінші отырысқа) әрекет етуші Аудитордың қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтердің құны бойынша алған ұсынысы және оның қатысуға арналған Сұрау салу талаптарына сәйкестігін талдау қарауға шығарылады;

5) Жұмысшы орган бекітілген тізімнен барлық әлеуетті Қатысушыларға Таңдау рәсімін жүргізу туралы ақпаратты қатысуға Сұрау салуды қоса бере отырып, мынадай мерзімдерді көрсетіп жібереді:

- әлеуетті Қатысушылардың Таңдау рәсіміне қатысуын немесе қатыспауын растауға – күнтізбелік 7 (жеті) күннен аспайды және қатысу расталған жағдайда,

- ресми конкурстық ұсыныстарды беруге – Таңдау рәсімін өткізу туралы ақпарат жіберілген күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен аспайды.

Қажеттілік туындаған жағдайда, Жұмысшы орган Таңдау рәсімінің шарттарын түсіндіру үшін әлеуетті Қатысушылармен кездесулер өткізеді.

Қатысушылар Таңдау рәсіміне өзінің қатысуын растағаннан кейін Жұмысшы орган Қатысушы қол қойған құпиялылық туралы келісімді сұратады;

6) Қатысушылар Жұмысшы органға қатысуға арналған Сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес қызметтер көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсыныстарды және Қордың тобына кіретін ұйымдар консультациялық қызметтер тартқан кезде Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандартқа<sup>1</sup> сәйкес мүдделер қақтығысына (дауларына) қатысты жазбаша растауды ұсынады;

7) Жұмысшы орган Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын алғаннан кейін олардың қатысуға арналған бекітілген Сұрау салуға қойылатын талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады;

8) Комиссия хатшысы Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын таратуды және олардың Бірыңғай комиссия мүшелеріне қатысуға арналған Сұрау салу талаптарына сәйкестігін талдауды жүзеге асырады. Сондай-ақ Бірыңғай комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Қатысушылармен ауызша презентациялар көрсету үшін Бірыңғай комиссияның кездесулер кестесін жасайды (Бірыңғай комиссияның екінші отырысы);

9) Ауызша презентациялардың қорытындылары бойынша Бірыңғай комиссия барлық Қатысушыларды жалпы талқылауды жүргізеді, оның нәтижелері бойынша белгіленген нысан бойынша (№ 2 қосымша) бағалау парақтары толтырылады және бірінші, екінші және үшінші орын алған қатысушылар көрсетіледі. Бірыңғай комиссия Қатысушыларды бағалау үшін үлгілік мәселелер ретінде бағалау өлшемшарттарының тізбесін (№ 3 қосымша) пайдалана алады.

Қажет болған жағдайда, Бірыңғай комиссияның шешімімен қорытынды талқылауға арналған Қатысушылардың тізімі айқындалады, оған Бірыңғай комиссия мүшелерінің ең көп дауыс санын жинаған Қатысушылар енгізіледі. Бірыңғай комиссия қызметтердің құнын төмендетуге немесе таңдауға айтарлықтай ықпал ететін қосымша факторларды алу мақсатында қорытынды талқылау үшін тізімдегі Қатысушылармен қайта кездесулер өткізеді. Қайта өткізілген кездесулердің қорытындылары бойынша бағалау парақтарын Бірыңғай комиссияның мүшелері түзете алады және бірінші, екінші және үшінші орындарды алған қатысушылар қайта айқындалуы мүмкін.

Кездесуге қатысқан Бірыңғай комиссия мүшелерінің ең көп дауысын алған Қатысушы жеңімпаз болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Бірыңғай комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

10) Қатысушылардың ауызша таныстырылымы мен қорытынды талқылаудың қорытындылары бойынша Бірыңғай комиссия Уәкілетті органға ұсыным жасау үшін аудиторлық ұйымды айқындау туралы шешім қабылдайды;

---

<sup>1</sup> «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 28.10.2014 жылғы шешімімен (№48/14 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар консультациялық қызметтерді тартқан кезде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандарт.

11) Комиссия хатшысы Бірыңғай комиссияның қорытынды отырысы өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттаманың жобасын жасайды және Бірыңғай комиссияның мүшелеріне келісу үшін жібереді.

10. Бірыңғай комиссия келесі жағдайларда таңдау рәсімін өтпеді деп таниды:

- 1) қатысуға бір әлеуетті Қатысушы өтінім берген жағдайда;
- 2) егер Бірыңғай комиссия Қағидалардың 32-тармағында көзделген негіздер бойынша Қатысушыдан ресми конкурстық ұсынысты қабылдамағаннан кейін бір Қатысушыдан ресми конкурстық ұсыныс қалса.

11. Егер Таңдау рәсімі өтпеді деп танылса, Бірыңғай комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) Таңдау рәсімін қайта өткізу туралы;
- 2) қатысуға сұрауды өзгерту және Таңдау рәсімін қайта өткізу туралы.

Бірыңғай комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Комиссия хатшысы тиісті ақпаратты мүдделі Қатысушыларға жібереді.

Егер қайта Таңдау рәсімі өтпеді деп танылған жағдайда, Бірыңғай комиссия бір Қатысушыдан келіп түскен ұсыныстың қатысуымен одан әрі Таңдау рәсімін жүзеге асыруға құқылы.

#### **4-бөлім. Комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімдері**

##### **4.1 Комиссияның өкілеттіктері мен функциялары**

12. Комиссиялар Таңдау рәсімдерін Бірыңғай комиссия жүзеге асырмаған жағдайларда құрылады.

13. Шешімдер барлық қатысушылардың бірауыздан мақұлдауымен қабылданатын бірлескен кәсіпорындар Таңдау рәсімін Қағидалардың осы бөліміне сәйкес жүзеге асырады. Бас ұйымның бірлескен кәсіпорындар үшін жұмыс органы болып Қатысушылардың жұмыс органдары танылады.

14. Еншілес ұйымдары бар Тапсырыс беруші ұсынылған ұйымдардың барлық тізімі үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында өзінің бір немесе бірнеше Еншілес ұйымдары үшін бір мезгілде Таңдау рәсімін бірлесіп жүргізуге негізделген сұрау салумен Комиссияға жүгінуге құқылы.

15. Таңдау рәсімін іске асыру мақсатында Комиссия:

1) әрбір Тапсырыс беруші үшін Аудитор таңдалатын мерзімді айқындауға құқылы. Бұл ретте Аудитор таңдалатын мерзім 3 (үш) жылдан аспауы тиіс;

2) бір топтың құрамына кіретін барлық Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында Тапсырыс беруші мен оның Еншілес

ұйымдарын бір немесе бірнеше топқа біріктіруге құқылы;

Комиссия Қатысушылардың шектелмеген тізімі арасынан Таңдау рәсімін жүзеге асырады.

16. Егер Компанияда Аудит комитеті/Бақылау кеңесі құрылған жағдайдағы Комиссия құрамы

**Комиссия төрағасы:** - Компанияның Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің төрағасы,

**Комиссия мүшелері:** - Компанияның Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің мүшелері,

- Бірінші басшы немесе Компанияның қаржылық есеп беру мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшының орынбасары\*

- Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізу кезінде)/Компанияның бас ұйымының өкілі\*

**Комиссия хатшысы**

*\* (1) Бірінші басшы немесе Компанияның қаржылық есеп беру мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшының орынбасары және (2) Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізген кезде)/Компанияның бас ұйымының өкілі дауыс беру құқығынсыз бақылаушылар ретінде қатысады.*

***Қордың/Компанияның бас ұйымының өкілі.***

Компания міндетті түрде Қорға (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізген кезде)/бас ұйымға Аудиторды таңдау рәсіміне Қордың/бас ұйымның қатысуы немесе қатыспауы туралы сұраумен жүгінеді. Қатысу расталған жағдайда, Қор/бас ұйым Комиссияның құрамына енгізу үшін ұсынылатын кандидатураны Компанияның жұмыс органына жібереді.

17. Егер Компанияда Аудит комитеті/Байқау кеңесі болмаған жағдайдағы Комиссия құрамы:

**Комиссия төрағасы:** - Компанияның басқару органының төрағасы

**Комиссия мүшелері:** - Компанияның басқару органының мүшелері

- Бірінші басшы немесе Компанияның қаржылық есеп беру мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшының орынбасары\*

- Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізу кезінде)/Компанияның бас ұйымының өкілі\*

**Комиссия хатшысы**

*\* (1) Бірінші басшы немесе Компанияның қаржылық есеп беру мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшының орынбасары және Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізген кезде)/Компанияның бас ұйымының өкілі дауыс беру құқығынсыз бақылаушылар ретінде қатысады.*

### **Қордың/Компанияның бас ұйымының өкілі.**

Компания міндетті түрде Қорға (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізген кезде)/бас ұйымға Таңдау рәсіміне Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізген кезде)/ бас ұйымның қатысуы немесе қатыспауы туралы сұраумен жүгінеді. Қатысу расталған жағдайда, Қор (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін таңдау жүргізген кезде)/бас ұйым Комиссияның құрамына енгізу үшін ұсынылатын кандидатураны Компанияның жұмыс органына жібереді.

18. Тапсырыс беруші Комиссиясының құрамы:

1) Компанияда Аудит комитеті/Бақылау кеңесі және басқару органы болмаған жағдайда;

2) бірлескен кәсіпорындар үшін Таңдау рәсімі жүзеге асырылған жағдайда:

**Комиссия төрағасы:** 1) Компанияның бас ұйымының Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің/басқару органының (Аудит комитеті/Бақылау кеңесі болмаған жағдайда),

2) бірлескен кәсіпорынның алқалы атқарушы органының/ Бақылау кеңесінің/(алқалы атқарушы органы/Бақылау кеңесі болмаған жағдайда) басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) төрағасы;

**Комиссия мүшелері:** 1) Компанияның бас ұйымының Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің/басқару органының (Аудит комитеті/Бақылау кеңесі болмаған жағдайда),

2) бірлескен кәсіпорынның алқалы атқарушы органының/ Бақылау кеңесінің/(алқалы атқарушы органы/Бақылау кеңесі болмаған жағдайда) басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) мүшелері;

1) Компанияның\*,

2) бірлескен кәсіпорынның\*

- Бірінші басшысы немесе қаржылық есеп беру мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшының орынбасары

### **Комиссия хатшысы**

\* (1) Компанияның\* 2) бірлескен кәсіпорынның бірінші басшысы немесе қаржылық есеп беру мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші басшының орынбасары дауыс беру құқығынсыз бақылаушылар ретінде қатысады.

## **4.2 Комиссия құрамын бекіту**

19. Комиссияның дербес құрамы Қағидаларға сәйкес бекітіледі:

- егер Компанияда Аудит комитеті/ Бақылау кеңесі құрылса -

Компанияның Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің хаттамасымен;

- егер Компанияда Аудит комитеті/ Бақылау кеңесі болмаса - Компанияны басқару органының хаттамасымен;

- осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген жағдайларда:

1) Компанияның бас ұйымының Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің/басқару органының (Аудит комитеті/Бақылау кеңесі болмаған жағдайда) хаттамасымен,

2) бірлескен кәсіпорынның алқалы атқарушы органының/Бақылау кеңесінің/(алқалы атқарушы органы/Бақылау кеңесі болмаған жағдайда) басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімімен жүзеге асырылады.

Комиссияның өкілеттіктері Комиссияның дербес құрамы бекітілген күннен бастап туындайды және Аудитормен қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасқан күнге дейін қолданылады.

20. Комиссия отырыстарын өткізу үшін кворум Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы болуға тиіс. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Егер Комиссия Төрағасы отырысқа қатыса алмаған жағдайда, Комиссияның басқа мүшесі Төраға болып тағайындалады.

### **4.3 Комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімдері**

21. Комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімдері мынадай дәйекті қадамдар жүргізуді көздейді:

1) Компанияның жұмыс органы аудит жүргізу қажет болатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін Таңдау рәсімін жүргізу кезінде)/бас ұйымның Жұмыс органына Қордың/бас ұйымның өкілін таңдау рәсіміне қатысу немесе қатыспау туралы сұрауды жібереді;

2) Тапсырыс берушінің жұмыс органы аудит жүргізу қажет болатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей Қордың жұмыс органына (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін Таңдау рәсімін жүргізу кезінде)/бас ұйымға жібереді:

а) Аудит комитетінің/Бақылау кеңесінің/басқару органының хаттамасынан немесе алқалық атқарушы органның/Байқау кеңесінің/басқару органының/жоғары органның (қатысушылардың жалпы жиналысының) Комиссия құрамын бекіту туралы хаттамасынан үзінді көшірме;

б) Қағидалардың 15-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайлар үшін - Комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсіміне енгізу негіздемесі бар өздерінің Еншілес ұйымдарының тізімі;

в) орыс тілінде және қажет болған жағдайда ағылшын тілінде келісу үшін қатысуға сұрау жобасы (№1 қосымша).



Портфельдік компания өзінің тобына кіретін Компаниялар үшін қатысуға сұрауды ұсыну мерзімін дербес белгілеуге құқылы.

3) Қордың (Тізбеге енбеген Портфельдік компания үшін Таңдау рәсімін - өткізу кезінде)/Тапсырыс берушінің бас ұйымының жұмыс органы Қатысуға сұрау жобасын алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде келіседі;

4) Комиссия Таңдау рәсімінің бірінші отырысын өткізеді, онда мынадай негізгі мәселелер қаралады:

а) Аудитор таңдалатын мерзімді анықтау туралы (3 жылдан артық емес);

б) Қатысуға сұрауды бекіту туралы.

5) Жұмыс органы Таңдау рәсімін өткізу туралы хабарландыруды Қатысушылардың Таңдау рәсіміне қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын орналастырады. Хабарландыру Тапсырыс берушінің веб-сайтында сатып алу бөлімінде, ал Тапсырыс берушінің веб-сайты болмаған жағдайда республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылуға тиіс. Хабарландыруда: сатып алынатын қызметтің атауы, Тапсырыс берушінің немесе Тапсырыс берушілердің электрондық және пошталық мекенжайлары; сатып алынатын қызметтердің көлемі; Қатысуға арналған сұраудың электрондық көшірмесін алу орны мен тәсілдері; Таңдау рәсіміне қатысуға өтінімдерді ұсынудың орны мен соңғы мерзімі, қызметтерді сатып алудың жоспарланған құны көрсетіледі. Жұмыс органы Таңдау рәсімін өткізу туралы хабарландыруды орналастыру фактісін растайтын құжатты сақтауға жауапты және тиісті сұрау салу кезінде оны Комиссия мүшелеріне береді;

6) Жұмыс органы әлеуетті Қатысушылар құпиялылық туралы келісімге қол қойғаннан кейін оларға қатысуға сұрауды ұсынады;

7) Қатысушылар Жұмыс органына Қатысуға сұрау көрсетілген мерзімдерде және талаптарға сәйкес Қызметтер көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсыныстарды, сондай-ақ Қордың тобына кіретін ұйымдар консультациялық қызметтер тартқан кезде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес мүдделер қақтығысына (дауларына) қатысты жазбаша растауды ұсынады;

8) Комиссия хатшысы Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын қабылдайды және Таңдау рәсімін өткізу үшін Комиссия мүшелерінің кездесулер кестесін келіседі.

22. Комиссия жүзеге асыратын таңдаудың одан арғы рәсімі екі кезеңде жүргізіледі:

1) Жұмыс органы Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын алғаннан кейін олардың Қатысуға арналған бекітілген сұрау салуға қойылатын талаптарға сәйкестігіне талдауды жүзеге асырады;

2) Комиссия мүшелері Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын

және олардың Қатысуға арналған сұрау салудың талаптарына сәйкестігін талдауды қарайды, осы қараудың қорытындылары бойынша белгіленген нысан бойынша (№2 қосымша) бағалау парақтарын толтырады және бірінші, екінші және үшінші орын алған Қатысушыларды көрсетеді. Комиссия Қатысушыларды бағалау үшін үлгілік сұрақтар ретінде бағалау өлшемшарттарының тізбесін (№3 қосымша) пайдалануға құқылы.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3) бірінші кезеңнің нәтижелері бірінші кезең аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделуі және танысу үшін Комиссияның барлық мүшелеріне жіберілуі тиіс. Бірінші кезеңнің аяқталуы бірінші кезеңнің хаттамасының күні болып саналады.

Бірінші кезең бетпе-бет, сондай-ақ сырттай да жүзеге асырылуы мүмкін.

4) Егер ресми конкурстық ұсыныстар 2 немесе 3 Қатысушыдан келіп түскен жағдайда, Таңдау рәсімінің бірінші кезеңі жүзеге асырылмайды, Комиссия Таңдау рәсімінің екінші кезеңін өткізеді.

Екінші кезең бетпе-бет жүзеге асырылуы тиіс және мынадай дәйекті қадамдар жүргізуді көздейді:

5) Комиссия хатшысы бірінші, екінші және үшінші орын алған Қатысушылармен (бірінші турдың қорытындылары бойынша) немесе конкурстық ұсыныстар берген Қатысушылармен (осы тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген жағдайларда) олардың ауызша таныстырылым ұсынуы үшін Комиссияның кездесулер кестесін қалыптастырады;

б) ауызша таныстырылымдардың қорытындылары бойынша Комиссия барлық Қатысушылардың коммерциялық ұсыныстарын жалпы талқылауды жүргізеді. Талқылаудан кейін Комиссия мүшелері белгіленген нысан бойынша (№2 қосымша) бағалау парақтарын толтырады және бірінші, екінші және үшінші орын алған Қатысушыларды көрсетеді. Комиссия Қатысушыларды бағалау үшін үлгілік сұрақтар ретінде Бағалау өлшемшарттарының тізбесін (№3 қосымша) пайдалана алады.

23. Кездесуге қатысқан Комиссия мүшелерінің ең көп дауысын алған Қатысушы жеңімпаз болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

24. Бағалау парақтарының нәтижелері бойынша Комиссия жеңген Қатысушыны Тапсырыс берушінің аудиторлық ұйымы ретінде Уәкілетті органға ұсыну туралы шешім қабылдайды.

25. Комиссия хатшысы Комиссияның қорытынды отырысы өткізілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Таңдау рәсімінің екінші кезеңінің қорытындысы туралы хаттаманың жобасын жасайды және келісу үшін Комиссия мүшелеріне жібереді.

26. Комиссия мына жағдайларды Таңдау рәсімін өтпеді деп таниды:

1) бір әлеуетті Қатысушы қатысуға өтінім берсе;

2) Қағидалардың 32-тармағында көзделген негіздер бойынша Комиссия қабылдамағаннан кейін бір Қатысушыдан ұсыныс қалса.

27. Егер Таңдау рәсімі өтпеді деп танылса, Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) таңдау рәсімін қайта жүргізу туралы;

2) қатысуға сұрауды өзгерту және Таңдау рәсімін қайта жүргізу туралы.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Комиссия хатшысы Тапсырыс берушінің веб-сайтында, ал Тапсырыс берушіде веб-сайт болмаған жағдайда республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыруды жариялайды.

Егер қайта Таңдау рәсімі өтпеді деп танылған жағдайда, Комиссия бір Қатысушыдан келіп түскен ұсыныстың қатысуымен одан әрі таңдау рәсімін жүзеге асыруға құқылы.

### **5-бөлім. Аудиторды таңдау үшін ұсынылатын өлшемшарттар**

28. Аудиторды таңдау үшін ұсынылатын өлшемшарттар:

**Қызметтерді ұсыну тәсілі:** аудитті толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында кешенді жұмыс жоспарлары; қаржылық және экономикалық тексерулерді орындау және сақтау, сондай-ақ тексерулердің тиімділігі мен бағасы мен сапасының арақатынасы; талаптардың сақталуына жұмсалатын шығындарды барынша азайту мақсатында сыртқы кадрлық ревизияға болжамды көзқарас; аудиттің шектеулі ресурстарын пайдалануды оңтайландыру мақсатында ішкі аудитпен ынтымақтастық; аудит нәтижелерін беру; әлемнің әртүрлі бөліктерінде қызметтер көрсетуге арналған жаһандық желі мен ресурстар; тиісті инфрақұрылым (офистер, өкілдіктер).

**Аудиторлық командаға қойылатын талаптар:** кәсіби біліктілік, дағдылар, жұмыс күшінің мөлшері (серіктестер мен басқа да қызметкерлердің жеткілікті саны), қызметкерлердің рөлдері мен міндеттерін нақты бөле отырып, жобалау тобының айқын және тиісті құрылымы, персонал үшін үздіксіз кәсіптік білім беру бағдарламасының болуы, негізгі персоналдың (серіктестердің, аға қызметкерлердің) біліктілігі және өнеркәсіптік тәжірибесі.

**Қызмет көрсету сапасы:** ақпарат алмасуды, жұмысты үйлестіруді және бақылауды қоса алғанда, тиісті тексеру рәсімдері; мүдделер қақтығысын шешу үшін тиісті рәсімдер нормалары; Аудит комитетімен өзара іс-қимылдың, басқарудың және Тапсырыс берушінің басқа да негізгі объектілерінің нақты тетігі; өте нақты, туындайтын және техникалық мәселелерге кері байланыс тетіктері (жылдамдық пен сапа); аудит жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы АТ-жүйелері.

**Ниетінің салмақтылығы мен беделі:** Қатысушының қызметті көрсетуде мерзімі мен сапасы (оң немесе теріс) тұрғысынан жинақталған тәжірибесі; бәсекеге қабілеттілігі; Қатысушының ынта-ықыласы, үлкен қызығушылығы және т.б.

**Жұмыс уақыты мен қызмет құны:** Жұмыс уақыты мен қызмет құнының берілген жұмыс көлеміне сәйкестігі; қызмет көрсету құнының ашықтығы, бәсекеге қабілетті шығындардың жалпы пакеті және т. б.

**Тұтастық:** барлық қызметкерлерге қолданылатын, сондай-ақ жыл сайын жаңартылатын кәсіби және этикалық мінез-құлық кодексін сақтау.

**Объективтілік:** міндеттерді орындаудағы объективтілік.

**Тәуелсіздік:** аудиторлық қызмет көрсету барысында тәуелсіздікке қатысты сақтау мен бақылаудың тиімді рәсімдері.

**Қосымша артықшылықтар:** аудит қызметтері үшін төлем шеңберінде қосымша және қажетті қызметтер тартылатын болады.

Коммуникациялар: кешенді хаттар, аудиторлық есептер және кеңестер (егер қажет болса) көмегімен басшылыққа ұсынылатын аудит нәтижелері туралы уақтылы ақпарат алмасу. Байланыс аудиторияға сәйкес бейімделуі керек.

## **6-бөлім. Қатысушылардың коммерциялық ұсыныстарын қарау және Аудиторды таңдау рәсімінің қорытындысын шығару**

29. Бірыңғай комиссияның Жұмыс органы /Комиссия Қатысушылардың ұсыныстарын Қатысуға арналған сұрауда көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

30. Қатысушылардың ұсыныстарын қарау кезінде Бірыңғай комиссияның/Комиссияның жұмыс органы:

1) Қатысушылардан өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру үшін қажетті материалдар мен түсіндірулерді сұратуға құқылы;

2) Қатысуға арналған сұрауларда қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

31. Қатысушының ұсынысын формальды негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді:

1) Қатысушының ұсынысындағы қателіктер, баспа қателері;

2) Бірыңғай комиссияның/Комиссияның Таңдау рәсіміне қатысуға арналған өтінімдерді бағалауға және салыстыруға әсер етпейтін ұсынылған құжаттар нысандарындағы ақпаратты (банктік деректемелер, БСН, куәліктердің нөмірлері және басқа да ақпарат туралы) көрсетпеу;

3) Қатысушы ұсынатын аудиторлық қызметтердің сапасына немесе бағасына әсер етпейтін өзге де негіздер бойынша.

32. Бірыңғай комиссия/Комиссия, егер:

1) Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Қатысушының ұсынысы Таңдау рәсіміне қатысуға арналған сұрауда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп танылса;

2) Қатысушы ұсынысының бағасы Таңдау рәсіміне қатысуға арналған сұрауда көрсетілген сомадан асып кетсе;

3) Қатысушы Сенімсіз әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болса, Қатысушының ұсынысын қабылдамайды.

33. Таңдау рәсімінің қорытындысы хаттамамен ресімделеді. Таңдау рәсімінің қорытындысы туралы хаттамаға Бірыңғай комиссияның/Комиссияның төрағасы және қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

34. Таңдау рәсімінің қорытындысы туралы хаттамада келесі ақпарат қамтылуы керек:

1) қорытынды шығару орны мен уақыты туралы;

2) Қатысушылардың келіп түскен ұсыныстары туралы;

3) Қатысушылардың қабылданбаған ұсыныстары, бас тарту негіздері туралы;

4) Қатысуға арналған сұрауда көрсетілген талаптарға сәйкес деп танылған Қатысушылар туралы;

5) Қағидалардың 31-тармағының 1) -3) тармақшаларына сәйкес осы сәйкессіздіктердің аудиторлық қызметтердің сапасы мен құнына әсер етпеу себептерін, аудиторлық ұйымның тәуелсіздігін негіздей отырып, Қатысушылардың талаптарға сәйкессіздіктерінің болуы туралы;

6) Таңдау рәсімінің жеңімпазы туралы;

7) екінші және үшінші орын алған Қатысушылар туралы;

8) Уәкілетті органға аудиторлық ұйымды айқындау туралы ұсынымдар;

9) Тапсырыс берушіге немесе Тапсырыс берушілерге қатысты Таңдау рәсімінің жеңімпазының тәуелсіздігі мәселесі бойынша Бірыңғай комиссияның/Комиссияның қорытындысы;

10) Бірыңғай комиссияның/Комиссияның қалауы бойынша өзге де ақпарат.

35. Өткізілген Таңдау рәсімдерінің қорытындылары бойынша Бірыңғай комиссия/Комиссия қажетті шешімдер қабылдау үшін тиісті Уәкілетті органға

аудиторлық ұйымды айқындау жөнінде ұсынымдар береді. Бұл ретте Уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) Таңдау рәсімінің нәтижелері көрсетілген түсіндірме жазба;
- 2) Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі;
- 3) 1,2,3 орын алған Қатысушылардың ресми ұсыныстарының көшірмелері.

36. Жүргізілген / өткізілген таңдау рәсінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, Бірыңғай комиссия/Комиссия уәкілетті орган шешім қабылдаған сәтке дейін Таңдау рәсімінің қорытындыларын жоюға міндетті. Бұл ретте, таңдау рәсімі қайта жүргізілуі керек.

Егер бұзушылықтар уәкілетті орган аудиторлық ұйымды айқындау туралы шешім қабылдағаннан кейін анықталған жағдайда, Бірыңғай комиссия / Комиссия уәкілетті органға көрсетілген шешімді қайта қарау туралы ұсыным береді.

37. Бірыңғай комиссияның/Комиссияның хатшысы Таңдау рәсімінің қорытындыларын жою туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Қатысушыларды жазбаша хабардар етуге міндетті.

38. Өткізілетін немесе жүргізілген Таңдау рәсімдері бойынша құжаттар Бірыңғай комиссияның/Комиссияның жұмыс органында сақталады.

### **7-бөлім. Қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт**

39. Таңдау рәсімінің қорытындылары бойынша Тапсырыс берушінің уәкілетті органы Тапсырыс берушінің қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы шешім қабылдайды, соның негізінде Тапсырыс беруші аудитормен шарт жасайды.

40. Аудитормен қаржылық есептілік аудитінің қызметтерін сатып алу туралы шарт жасау және оны орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Тәртіпке, Стандартқа және осы Қағидаларға сәйкес, уәкілетті органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

41. Сатып алынатын аудиторлық және ілеспе Қызметтердің көлемі, қызметтерді көрсету мерзімдері, қызметтердің құны және Тапсырыс беруші аудитормен жасасатын шарттың өзге де нормалары қатысуға арналған бекітілген сұрау салуда көзделген талаптарға толық көлемде сәйкес келуге тиіс.

42. Қордың/Портфельдік компанияның қаржылық есептілік аудиті қызметтерін сатып алу туралы шартта «Самұрық-Қазына» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатында көзделген нысан бойынша және мерзімдерде Қордың және Потфельдік компанияның портфельдік компаниялар тобына және Қор тобына аудиторлық және

аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түскен аудитордың ағымдағы кірістері туралы ақпаратты Қорға және Портфельдік компанияға жыл сайын ұсыну жөніндегі аудитордың міндеттемесін көздеу қажет. Аудитор Қордың тобына кіретін компанияларды айқындау үшін Қор/Портфельдік компаниямен қаржылық есептілік аудиті қызметтерін сатып алу туралы шарт шеңберінде алынуы тиіс Қор тобы компанияларының тізілімін пайдалану қажет.

Қордың аудитордан алған деректерін бақылау мақсатында Портфельдік компаниялар «Самұрық-Қазына» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатында көзделген нысан бойынша және мерзімде Портфельдік компания тобына аудиторлық ұйымдар көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар туралы ақпаратты дайындап, Қорға ұсынуы қажет.

Портфельдік компанияның тобына аудиторлық ұйымдар көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар туралы ақпарат Қорға ұсынылған болып есептеледі:

- SAP BPC жүйесінің құжаттарын кітапханаға орналастырған кезде («Шоғырландырылған қаржылық есептілік» витринасы) нысанды жүктеу арқылы, немесе

- Қордың электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша ресми хатпен жіберілген кезде.

43. Стандарттың 71-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметтер көлемін негізді ұлғайту немесе көрсетілетін қызметтер көлемін азайту бөлігінде шарт тараптарының өзара келісімі болған жағдайда аудитормен шартқа енгізілетін өзгерістер Бірыңғай комиссияның/Комиссияның қосымша шешімін талап етпейді.

Аудитормен жасалған шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

## **8-бөлім. Қосымша ережелер**

44. Акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызы Қорға тиесілі және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызы Портфельдік компанияға тиесілі заңды тұлға Таңдау рәсімін осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады. Осы тармақтың күші қолданылатын Тапсырыс берушінің жұмыс органы қызметі Тапсырыс берушімен бір салалық сегментте жүзеге асырылатын Портфельдік компанияға таңдау рәсімін жүргізу үшін қажетті құжаттарды жібереді. Қағидалардың осы тармағының мақсаттары үшін Тапсырыс берушінің бас ұйымының Жұмыс органы портфельдік компанияның Жұмыс органы болып танылады.

45. Электрондық құжат айналымы жүйесін Таңдау рәсімі шеңберінде құжаттарды жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу және тарату үшін пайдалануға

жол беріледі. Заң талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

46. Жекелеген жағдайларда, Бірыңғай комиссияның/Комиссияның бетпе - бет отырыстарын өткізу мүмкін болмаған немесе орынсыз болған кезде телефон, бейне және байланыстың басқа да түрлерін пайдалана отырып отырыстар өткізуге жол беріледі. Осындай отырыстарды өткізу барысында аудио және/немесе бейне жазба жүзеге асырылуы тиіс.

### **9-бөлім. Аудиторлық ұйымдарға қойылатын міндетті талаптар**

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптарға сай келетін аудиторлық ұйым Қатысушы бола алады.

48. Осы Қағидаларға сәйкес белгіленген конкурсқа Қатысушыларға қойылатын талаптар барлық қатысушылар үшін бірыңғай болып табылады.

49. Аудиторлық ұйымдар Стандарттың 31-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда Таңдау рәсіміне қатысуға құқылы емес.

50. Таңдау рәсімінің шеңберінде Қатысушы тәуелсіздігін қызмет көрсетуге арналған өзінің ресми конкурстық ұсынысында тиісті өтініш беру арқылы растауы тиіс, бұл Тапсырыс берушінің компаниялар тобына аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден қатысушының ағымдағы кірістері туралы ақпаратты, сондай-ақ қатысушының барлық табысынан түсетін осы кірістердің үлесін қамтиды.

Бұдан басқа, қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аудиторы аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түсетін аудитордың ағымдағы кірістері (жасалған шарттардан түсетін болашақ кірістерді көрсете отырып) туралы ақпаратты жыл сайын ұсынуға тиіс:

- Тапсырыс берушінің тобы үшін - Тапсырыс беруші тобының аудит жөніндегі комитетіне және/немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарына. Тапсырыс беруші тобының тендерлері туралы ақпарат жеке ұсынылады, онда Аудитор осы ақпаратты ұсыну күніне қатысады немесе қатысуды жоспарлайды;

- Қордың тобы үшін - Қордың аудит жөніндегі комитетіне және Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директорға жүктеледі. Қор тобының тендерлері туралы ақпарат жеке ұсынылады, онда Аудитор осы ақпаратты ұсыну күніне қатысады немесе қатысуды жоспарлайды.

Аудитор Қордың тобына кіретін компанияларды айқындау үшін Тапсырыс берушімен қаржылық есептілік аудиті қызметтерін сатып алу туралы шарт шеңберінде алынуы тиіс Қор тобы компанияларының тізілімін пайдалану қажет.



51. Таңдау рәсімін жүргізу кезінде Бірыңғай комиссия немесе Комиссия Тапсырыс берушіге немесе Тапсырыс берушілерге қатысты Таңдау рәсімінің жеңімпазының тәуелсіздігі мәселесі бойынша міндетті түрде өз қорытындысын шығарады.

**«Самұрық-Қазына» АҚ аудиторлық ұйымын  
таңдау жөніндегі Бірыңғай комиссияның/Комиссияның  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_  
шешімімен бекітілген**

**АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУ РӘСІМІНЕ  
ҚАТЫСУҒА СҰРАУ САЛУ**

**(бұдан әрі - Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу)**

<Тапсырыс беруші > Сізді қаржылық есептіліктің аудиті бойынша қызметтер көрсету үшін аудиторлық ұйымды Таңдау рәсіміне қатысуға шақырады, олардың толық сипаттамасы төменде келтірілген:

а) Тапсырыс берушілер ұсынатын және Бірыңғай комиссия немесе Комиссия бекіткен ақпарат:

1. Тапсырыс берушілердің атауы және мекенжайлары.
2. Сатып алынатын аудиторлық және ілеспе қызметтер көлемінің сипаттамасы (есепті кезеңдер, аудиторлық рәсімдердің көлемі мен сипаты).
3. Тиісті аудиторлық есептерді шығарудың күтілетін мерзімдерін көрсете отырып, сыртқы аудитор аудит немесе шолу үшін мәлімделген есептілікті дайындау және аудит немесе шолу кестесінің жобасын қоса алғанда, қызметтер көрсету мерзімдері.
4. Аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу үшін бөлінген сома \_\_\_\_\_ теңге ҚҚС-мен, \_\_\_\_\_ теңге ҚҚС-сыз.
5. Қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсынысты дайындау үшін ақпарат алу мақсатында қатысушылар кездесуге құқылы Тапсырыс берушілердің жауапты лауазымды тұлғаларының тізбесі мен байланыс деректері.
6. Аудиторлық қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйымды Таңдау рәсімі жүзеге асырылатын компаниялар туралы жалпы ақпарат төменде келтірілген. Әлеуетті қатысушылардың уәкілетті өкілдері бұл ақпаратты электрондық түрде немесе қағаз тасымалдағышта құпиялылық туралы келісімге қол қойғаннан кейін 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде \_\_\_\_\_ мекенжай бойынша ала алады.

Мұндай ақпарат мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ онымен шектелмейді:

- компания қызметінің сипаттамасы және ұйымдық құрылымы (басқару құрылымы);
- қызметкерлер саны;
- Еншілес, бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан ұйымдар бөлінісінде компанияның құрылымы;
- пайдаланылатын кәсіпорынды басқару, есепке алу және есеп берудің ақпараттық жүйелерінің қысқаша сипаттамасы;
- басшылықтың соңғы екі жылдағы жылдық қаржылық есептілігінің және жылдық есептерінің көшірмелері немесе олар жарияланған Интернет-ресурстарға сілтемелер;
- барлық талап етілетін міндетті есептердің тізімі;
- аудит тарихы және қолданыстағы Аудиторлардың байланыс деректерін көрсету.

7. Үлгілік құжат негізінде қызметтер көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар (№4 қосымша)

b) Бірыңғай комиссия немесе Комиссия ұсынатын ақпарат:

1. Барлық қажетті ақпаратты (орны, уақыты, жауапты тұлғалардың байланыстары) көрсете отырып, аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін өткізудің жоспар-кестесі;

2. Ұсыныстың ауызша презентациясына қойылатын талаптар, мысалы, форматтың ұзақтығы немесе үстемдігі.

Әлеуетті қатысушылардан қызметтер көрсетуге арналған ресми конкурстық ұсыныстар \_\_\_\_\_ мекенжай бойынша 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ «\_\_» сағат «\_\_» мин дейінгі мерзімде қабылданады.

**Бағалау парағы**

**Күні** \_\_\_\_\_

**Бірыңғай комиссия/Комиссия мүшесінің Т. А. Ә.** \_\_\_\_\_

Таңдау рәсіміне Қатысушының күшті және әлсіз жақтары туралы жалпы түсінігіңізді төменде жазыңыз, сонымен қатар жеңімпазды таңдау бойынша ұсыныстарыңызды көрсетіңіз.

	<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>	<b>Алған орны</b>
<b>[1- қатысушы]</b>	• • •	• • •	
<b>[2- қатысушы]</b>	• • •	• • •	
<b>[3- қатысушы]</b>	• • •	• • •	
<b>[N- қатысушы]</b>	•	•	

**Алынған ұсыныстар мен түсініктемелер:**

Бірыңғай комиссия/Комиссия мүшесінің Т.А.Ә. және қолы

## Бағалау өлшемшарттарының тізбесі (үлгілік)

<b>Өлшемшарттар</b>
<p><b>1. Қызмет көрсету тәсілі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызметтер ұсынысы кешенді болып табыла ма және ол Тапсырыс берушінің талаптары мен қажеттіліктеріне толық жауап бере ме?</li> <li>• Қатысушының Тапсырыс берушінің мерзіміне сәйкес келетін нақты аудит жоспары бар ма? Жоба бойынша серіктес пен менеджердің уақытын қоса алғанда, аудит жүргізуге жеткілікті уақыт бөлінді ме?</li> <li>• Қатысушының ішкі аудитормен жұмыс істеуге интеграцияланған тәсілі бар ма?</li> <li>• Аудиторды ауыстырудың тиімді және практикалық жоспары бар ма (егер қолданылса)?</li> <li>• Ұйым жаһандық интеграцияланған және әлемнің әртүрлі нүктелерінде қызмет көрсету үшін ресурстарға ие ме?</li> <li>• Қатысушының Тапсырыс берушінің негізгі бөлімшелерінің орналасқан жері бойынша барабар инфрақұрылымы (офистері мен өкілдіктері) бар ма?</li> </ul>
<p><b>2. Жобалау тобының құзыреті</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қатысушы аудит бойынша жұмыстардың ауқымын түсінеді ме және аудиттің сапасы мен мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстары бар ма (серіктестердің де, басқа қызметкерлердің де жеткілікті саны сияқты)?</li> <li>• Жобалық топтың нақты және барабар құрылымы қызметкерлердің рөлдері мен міндеттерін нақты бөле отырып ұсынылған ба?</li> <li>• Негізгі қызметкерлердің (серіктестер мен аға қызметкерлердің) аудиторлық қызметтерді сапалы көрсету үшін қажетті біліктілігі мен салалық тәжірибесі (саладағы сертификаттар мен аудит тәжірибесі) бар ма?</li> <li>• Серіктестердің немесе жоба бойынша серіктестер рөлінде болатын тұлғалардың кемінде жартысы ҚР азаматтары болып табыла ма?</li> <li>• Компанияның салалық тәжірибесінің толыққанды сипаттамасы мен дәлелі және бизнестің осы түріне тән нақты мәселелердің әсерін түсіну бар ма?</li> </ul>
<p><b>3. Қызмет сапасы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қатысушы ақпарат алмасуды, жұмысты үйлестіруді және бақылауды қоса алғанда, аудит жүргізу бойынша барабар рәсімдердің бар екенін көрсетті ме? Стандартты емес сыни мәселелер қалай шешіледі?</li> <li>• Қатысушы мүдделер қақтығысын шешу бойынша барабар рәсімдердің бар екенін көрсетті ме?</li> <li>• Аудит жөніндегі комитеттермен, басшылықпен және Тапсырыс берушінің басқа да негізгі объектілерімен өзара іс-қимылдың нақты механизмі ұсынылған ба?</li> </ul>

<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жоғары мамандандырылған техникалық мәселелер (жылдамдық пен сапа) бойынша кері байланыс механизмдері қаншалықты тиімді?</li> <li>• Аудит жүргізу үшін мамандандырылған АТ-жүйелері қолданылады ма?</li> </ul>
<p><b>4. Ниет пен беделдің салдарлығы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қатысушының қызмет көрсетудің өткен тәжірибесін мерзімдері мен сапасын сақтау тұрғысынан қалай бағалауға болады (оң немесе теріс)?</li> <li>• Қатысушы бәсекелестерден өз артықшылықтарын көрсетті ме?</li> <li>• Қатысушы өкілдері ынтасын және ынтымақтастыққа үлкен қызығушылығын көрсетті ме?</li> </ul>
<p><b>5. Жұмыс уақыты және қызмет құны</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыс уақыты мен қызмет құны көрсетілген жұмыс көлеміне сәйкес келе ме?</li> <li>• Қызметтердің құны ашық па?</li> </ul>
<p><b>6. Тәуелсіздік</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қатысушы ұсынған мәлімдемелер мен көрсетілетін қызметтер бойынша тәуелсіздікті растау объективті және дәйекті болып табыла ма?</li> <li>• Қатысушы аудиторлық қызметтерді көрсету барысында тәуелсіздікті сақтау және бақылау бойынша тиімді рәсімдерді көрсете ме?</li> </ul>
<p><b>7. Қосымша артықшылықтар мен қызметтер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қатысушы аудит жүргізуге арналған шарт шеңберінде қандай да бір қосымша аудиторлық емес қызметтерді ұсынады ма?</li> <li>• Бұл қызметтер қазір немесе болашақта тұтынушы үшін тартымды және қажет пе?</li> <li>• Сіз Тапсырыс беруші аудит қызметтерінен өзге қосымша пайдалы әсер алады деп ойлайсыз ба?</li> </ul>
<p><b>8. Ұсыныстың ауызша презентациясы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Баяндама нақты, ұйымдастырылған және мәселенің мәні бойынша, деректі ұсыныста ұсынылған негізгі идеялардың дамуы мен расталуымен болды ма?</li> <li>• Баяндама алдыңғы кездесулер кезінде немесе ұсынысты қарау нәтижелері бойынша көтерілген қосымша мәселелерді қозғады ма?</li> <li>• Презентация Тапсырыс берушінің талаптарын түсінуді, бизнес туралы білімді және Тапсырыс берушінің көрсетілген қызметтерден пайда көретіндігін көрсете ме?</li> <li>• Нақты сұрақтарға жауаптар қаншалықты тиімді берілді және барлық баяндамашылардың қатысуы қаншалықты белсенді болды?</li> <li>• Қатысушылардың мәдениеті Тапсырыс берушінің мәдениетіне сәйкес келе ме, өзара түсіністік пен өзара құрмет бар ма?</li> </ul>

**Ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар (үлгілік)**

Міндетті түрде мыналарды ұсыну қажет:

- қатысушының Тапсырыс берушіден және оның кез келген байланысты тараптарынан тәуелсіздігін растау мен негіздеу және Қор тобы үшін аудиторлық емес қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қол қою;

- ресми конкурстық ұсыныстың тиісті бөлімдері мен беттеріне сілтемелер көрсетілген ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптарға сәйкестік кестесі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптарға сәйкестігін растау.

Ресми конкурстық ұсынысқа Қатысушының қалауы бойынша басқа да пайдалы ақпаратты енгізуге болады.

**1. Жалпы талаптар**

Қатысушы келесі ақпаратты ұсынуы қажет:

- аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның болуы;  
- аудиторлық ұйым басшысында «аудитор» біліктілік куәлігінің болуы;  
- аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымға мүшелігін растайтын құжаттың болуы;  
- аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы.

- салалық тәжірибе, оның ішінде ұқсас ауқымдағы клиенттерге қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесі;

- осы саладағы негізгі клиенттердің тізбесі;

- аудиторлық ұйымның Тапсырыс беруші өз қызметін жүзеге асыратын саланың қызметтерін ұсынуға қатысу көлемі мен мүдделілігі.

**2. Аудиторлық ұйымдарға қойылатын міндетті талаптар.**

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптарға сай келетін аудиторлық ұйым қатысушы бола алады.

Осы Қағидаларға сәйкес белгіленген Қатысушыларға қойылатын талаптар барлық Қатысушылар үшін бірыңғай болып табылады.

Аудиторлық ұйым, егер ол сенімсіз әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушілердің) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болса, Таңдау рәсіміне қатысуға құқылы емес.

Аудиторлық ұйым өзінің тәуелсіздігін қызмет көрсетуге арналған өзінің ресми конкурстық ұсынысында тиісті өтініш беру арқылы растауы тиіс, бұл Тапсырыс берушінің компаниялар тобына аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден қатысушының ағымдағы кірістері туралы ақпаратты қамтиды. Бұл ақпарат қатысушының барлық кірістерінен осы кірістердің үлесін қамтуы керек.

Бұдан басқа, қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аудитору аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түсетін аудитордың ағымдағы кірістері (жасалған шарттардан түсетін болашақ кірістерді көрсете отырып) туралы ақпаратты жыл сайын ұсынуға тиіс:

- Тапсырыс берушінің тобы үшін - Тапсырыс беруші тобының Аудит жөніндегі

комитетіне және/немесе қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарына жүктеледі. Тапсырыс беруші тобының тендерлері туралы ақпарат жеке ұсынылады, онда Аудитор осы ақпаратты ұсыну күніне қатысады немесе қатысуды жоспарлайды;

- Қордың тобы үшін - Қордың аудит жөніндегі комитетіне және Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директорға жүктеледі. Қор тобының тендерлері туралы ақпарат жеке ұсынылады, онда Аудитор осы ақпаратты ұсыну күніне қатысады немесе қатысуды жоспарлайды.

Аудитор Қордың тобына кіретін компанияларды айқындау үшін Тапсырыс берушімен қаржылық есептілік аудиті қызметтерін сатып алу туралы шарт шеңберінде алынуы тиіс Қор тобы компанияларының тізілімін пайдалану қажет.

### **3. Тапсырыс берушінің аудиті бойынша қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйым тобының сипаттамасы**

Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат берілсін:

- Тапсырыс берушінің аудит жобасы бойынша топтың, оның ішінде жетекші серіктестер мен менеджерлердің ұсынылатын құрамы;
- тапсырманы орындаудағы олардың рөлі мен міндеттері;
- ұқсас клиенттердің аудитін жүргізу тәжірибесін қоса алғанда, біліктілігі және тиісті тәжірибесі;
- жоба басшыларының әрқайсысы жобаға бөлетін жылына ең аз сағат көлемі;
- аудиторлардың ауысуын жоспарлауға және жоба бойынша жұмыс істейтін персоналдың сабақтастығына қатысты міндеттемелер;
- қызметкерлердің кәсіби дамуына қатысты міндеттемелер;
- басқа ресурстар және ұсынылатын қызметтердің толық сипаттамасы;
- тартылған жергілікті офистердің тізбесі және қамтылуы.

### **4. Аудит жүргізу тәсілі**

Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат берілсін:

- Тапсырыс берушінің ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудит әдістемесі мен стратегиясы;
- жұмысты үйлестіру және бақылау;
- аудит жүргізу мерзімі;
- аудит жөніндегі комитеттің/Бақылау кеңесінің басшылығымен және мүшелерімен жұмыс істеу тәсілі;
- ішкі аудит қызметтерімен өзара іс-қимылға көзқарас (болған жағдайда);
- салық мәселелерін қарастыру тәсілі;
- есепке алу бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу жолдары мен тәсілдері;
- аудиттің нәтижелілігін тұрақты жетілдіру және арттыру жөніндегі міндеттемелер.

### **5. Аудиторларды ауыстыру**

Егер мүмкін болса, аудиторларды ауыстыруды ұйымдастыру жоспарын, атап айтқанда, алдыңғы тексерулердің нәтижелерімен танысу рәсіміне қойылатын талаптарды және үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды ұсынылсын.

### **6. Қызметтердің сапасы және мүдделер қақтығысы**



Келесі тармақтар бойынша толық ақпарат берілсін:

-қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуге және клиентпен қарым-қатынасты басқаруға жалпы көзқарас;

- ықтимал қақтығыстар және оларды шешу тәсілі (соның ішінде тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыс сипаттамасы);

- әріптестерді ротациялау және жобалық топ мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау міндеттемелері мен тәсілдері;

- сапаны бақылау және клиенттің қанағаттануын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

#### **7. Жұмыс уақыты және қызмет құны**

Қызметтердің құны жеке құжат түрінде ұсынылады және мыналарды қамтуы тиіс:

-ұсынылатын аудиторлық қызметтер, міндетті және басқа да есептіліктің аудиті жөніндегі қызметтер бойынша адам-сағат және тіркелген мөлшерлемелер;

- бірінші және одан кейінгі жылдардағы аудит құнын айқындау механизмі;

- қызмет құнын калькуляциялау әдісі;

- ұсынылған шот-фактураларды төлеу кестесі, сондай-ақ осы процестің икемділігі.

#### **8. Басқа да қосымша аудиторлық емес қызметтер**

- ұсынылған баға ұсынысының шегінде ұйым үшін ықтимал қызықты аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге арналған тәжірибе мен ресурстарды сипаттаңыз.